

Хаттама № 1

Сатбаев қаласы

02.09.2021 жыл

№7 Жалпы орта білім беретін мектебінде «Қамқоршылық кеңес» отырысы болып өтті.

Қатысқандар: «Қамқоршылық кеңес» төрағасы Мамедов Ильяс Байрамоғлы

«Қамқоршылық кеңес» мүшелері, мектеп директорының м.а. А.Т.Агедилова

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1. 2019-2020 оқу жылындағы қамқоршылық кеңес жұмысының есебі
2. 2020-2021 оқу жылындағы қамқоршылық кеңестің құрамына өзгеріс енгізу, қайта сайлау, «Қамқоршылық кеңестің» құрамымен таныстыру.
3. «Мектепке жол» акциясына «Қамқоршылық кеңестің» үлесі.

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша баяндамалар тыңдалды.

2020-2021 оқу жылындағы қамқоршылық кеңес жұмысының есебі тыңдалды.

Мектептің әлеуметтік педагогы К.Ж.Кульмаганбетова:

Республикамызда 2008 жылдан бастап «Мектепке жол» қайырымдылық акциясы өткізілуде.

Бұл акциядан біздің мектебіміз де қалыс қалып жатқан жоқ. Акция аясында қаламыздың жеке кәсіпкерлері мен жеке тұлғалар көмек қолдарын созды. Баөйт Рамазановнаның көмегімен «Универсам» дүкенінен жеке кәсіпкер Садуов Мажит мырза көмек қолын созып, 40 оқушыға туфли, 18 оқушыға екінші аяқкиім салатын сумка және 10 сумка берді. Жеке тұлға Жекенова Роза ханым 35000 теңге көлемінде ақшалай көмек көрсетті, ол ақшаға «Ғалым» дүкенінен 7 оқушыға 5000 теңгеден оқу құралдарына сертификат алып бердік, Жекенова Айнагүл «Жусан» операциясымен келген 1 сынып оқушысы Байзаков Джафарға 17000 теңге көлемінде аяқ киім мен керекті құрал жабдығын және «Жусан» операциясымен келген 1 сынып оқушысы Амангелді Фатимаға 30 000 теңге көлемінде мектеп формасы мен керекті заттарын алып берді. Хафизова Айгүл 6 «А» сынып оқушысына 8750 теңгеге сумка мен оқу құралдарын алып берді, Ережепова Нұргүл 3 оқушыға сумка, Акбергенова Айгүл 1 оқушыға сумка алып берді. «Центр кредит банкі» 2 оқушыға сумка және барлық оқу құралдарын берді. Мұғалімдер ақшалай көмек берді. Жиналған қаражаттың барлығы көмекке мұқтаж отбасы балаларына сумка және оқу құралдарын алуға жұмсалды. Акциядан қалыс қалмай қайырымдылық жасаған азаматтарға алғысымыз шексіз. Жаппай оқумен қамту қоры есебінен 122 оқушыға мектеп формасы және оқу құралдар келді, оның бәрі оқушыларға таратылып берілді.

2 мәселе бойынша, 2017 жылғы 27-шілдедегі №355 бұйрығын басшылыққа ала отырып, мектепте қамқоршылық кеңесінің құрамына өзгертулер енгізіліп, төмендегі 9 адамнан құралған топ бекітіледі. «Қамқоршылық кеңес» құрамы қайта сайлану ұсынылып отыр.

«Қамқоршылық кеңес» төрайымы, мектеп түлегі Аида Амантаевна Байторина бір ауыздан сайланды. Мүшелері төмендегі құрамда:

1. Мамедов Ильяс Байрамоглы - мүшесі, демеуші
2. Дүйсекова Гүлайым - мүшесі, ата-ана төрайым
3. Дүйсенова Қуаныш Анесовна - мүшесі, ата-ана
4. Досполова Ақмарал Алимхановна - мүшесі, ата-ана
5. Биболов Медет Мұратұлы мүшесі - мүшесі, ата-ана
6. Каратаева Индира Айтбаевна - мүшесі, ата-ана
7. Касимова Гүльвира Мейрамовна - мүшесі, асхана арендаторы
8. Жаксылыков Жамбыл Алматович - мүшесі, мектеп түлегі

Мектеп-гимназия директорының м.а. А.Т.Агедилова:

«Қамқоршылық кеңес» өткен жылында өз жұмысын бастап, құрамы сайланды, кеңестің мақсаты мен міндеттерін алға қойып, демеушілер тарту жұмыстары жүргізілді.

Сұрақ:

Мектеп түлегі:

Спорт саласы, мәдениет саласы бойынша шетелге шығып жүрген оқушылар бар ма?

Мектеп түлегі:

Сабақты ерекше оқитын оқушылар марапатталып, әрі қарай ынталандырылады ма?

Сұрақтарға жауап берілді.

Сөйлеу:

Мектеп түлегі, жеке кәсіпкер:

Біз жаңа оқу жылынан бастап кеңес құрамына қабылданып жатырғандықтан мектеп жағдайын жақсы білеміз деп айта алмаймыз. Алдыңғы оқу жылының қорытындысына қарағанда бірінші жыл болса да біраз шаруалар атқарылыпты. Сол іс әрі қарай жалғасын табар деген ойдамын.

Мектеп түлегі:

Балалар біздің болашағымыз. Оларды қолдап, әркез көмек қолын созу осы жердегі әр азаматтың борышы. Сондықтан біз қандай жағдай болмасын қолдау көрсетуге дайынбыз.

Шешім:

1. «Қамқоршылық кеңес» отырысы өз деңгейінде өтіп, кеңес мүшелері түгел қатыстырылсын.
2. «Қамқоршылық кеңестің» жылдық жоспары бойынша жұмыстар жүйелі орындалсын.
3. «Қамқоршылық кеңестің» талапқа сай жұмыстануын өз бақылауыма қалдырамын.

Жиналыс төрағасы: А. А. Байторина

Хатшы: *Ж. Қ. Жакеева* Ж. Қ. Жакеева